

9 мамыр – Жеңіс күні құтты болсын!



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Тағзым

Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі

Елордамыз Астана қаласында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парад өтті. Мемлекет басшысы парадқа арнайы қатысып, Ұлы Жеңіс – тарихымыздың ажырамас бөлігі және күллі әлемге үлкен сабақ болғанын атап өтті. Сондай-ақ елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Лам салтанатты іс-шараға құрметті қоңақ ретінде қатысты.

– Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Бейбіт күнді қырағы күзетіп тұрған сарбаздарға құрмет көрсетеміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Парадқа Қазақстан Қарулы күштері құрамында және басқа да құрылымдарда қызмет ететін 4 мыңнан аса адам қатысты. Сондай-ақ 200-ден аса әскери қару-жарақ пен техника, 66



әскери авиация ұшағы мен тікұшағы көрсетілді.

Бас алаңға 5 мыңнан астам көрермен жиналды. Олардың ішінде соғыс және тыл ардагерлері, дипломатиялық корпус пен халықаралық ұйымдардың өкілдері, депутаттар мен қоғам қайраткерлері, еліміздің әр аймағынан келген делегаттар, әскери-патриоттық клубтардың жас сарбаздары бар.

Тарихи парадқа ауданымыздан арнайы делегация қатысып, елдік рухты бірге бөлісті. Делегация құрамында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев пен тыл ардагері Ақберген Баймаханұлы болды. Олар елордада өткен тарихи сәттің куәсі болып, салтанатты әскери

парадты өз көзімен көріп қайтты.

Майдан шебінде ерлікпен елін, жерін қорғаған жауынгерлер жүрегіндегі Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің, азаматтық намыстың біте қайнасып, көзсіз ерлікке барғанын тарих беттерінен, ата-әжелеріміздің естелік-әңгімелерінен естіп білсек те, осы бейбіт күннің қандай қиыншылықпен келгенін сезіну қиын. Сұрапыл соғысты көзбен көрген, екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерінің жаумен шайқаста көрсеткен ерліктері ел жадынан мәңгі өшпейді. Олардың ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – бүгінгі аға буын алдындағы борыш. Әскери парадтың маңызы да осы болса керек.

Жандос ЖАЗКЕН

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары, қадірлі тыл ардагерлері!

Сіздерді Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – өр рух пен қайсарлықтың, елдік пен ерліктің ортасында Отан үшін от кешкен аға буынның ерлігі мен табандылығының жемісі.

Уақыт өткен сайын сол сұрапыл жылдарда елін қорғаған жауынгерлердің ерлігі айрықша мәнге ие болуда. Жалағаш ауданынан 2316 азамат майданға аттанып, олардың 695-і ғана елге оралды. Бұл – ел жадындағы қасіретті кезеңнің бір парағы. Сонымен қатар тылдағы еңбек ерлері де Отан үшін аянбай тер төгіп, аналарымыз да ерлермен қатар күрес майданында үлкен еңбек атқарды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен және облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен ардагерлерді қолдау, олардың ерлік жолын ұлықтау бағытында бірқатар нақты істер атқарылып келеді. Бұл – ұрпақтар сабақтастығын нығайту мен ел тарихын дәріптеудегі маңызды қадам.

Сұрапыл жылдары елді жаудан қорғаған ерлердің өзі бүгінде арамызда болмаса да, олардың жасаған ерліктері ел жадында мәңгі сақталады. Әкелеріміздің жүріп өткен жауынгерлік жорық жолы мен ерлігі – кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге. Бұл – жас ұрпақты отансүйгіштікке, еңбекке және ел қорғауға тәрбиелейтін асыл құндылық.

9 мамыр – халқымыздың тарихи жадында мәңгі сақталатын, елдің тағдыры мен болашағы үшін күрестің символына айналған ұлы мереке. Бұл күні біз соғыста опат болған боздақтардың рухына тағзым етіп, батыр ата-әкелеріміздің есімін ұрпақ жадында жаңғыртамыз.

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық пен бақ-береке тілеймін. Елімізде бейбітшілік туы мәңгі жел-біреп, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Салтанатты шара

Ерлікке – тағзым, ұрпаққа – тағылым



Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде 9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне арналған салтанатты шара өтті. Жеңісті бақыт бәйтерегіне байлам қылған жалағаштықтар биыл 80-ші бейбіт көктемді қарсы алды. Салтанатты жиынға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, аудан тұрғындарын мерекемен құттықтап, тарихи күннің маңызына тоқталды.

– Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Қазақ жауынгерлері Ұлы Отан соғысы жылдарында батырлығымен көзге түсті. Болашақ ұрпағының бақыты үшін, бейбіт өмір үшін күрескен аталарымыздың, әкелеріміздің есімі ешқашан ұмытылмайды. Біз Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күнін қатар атап жүріміз. Өйткені бұл мерекелер рухы жағынан бір-бірін толықтыратын ұрпақтар сабақтастығына ұласуда. Сіздерді Отан қорғаушылар күні мерекесімен және Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! – деді аудан әкімі.

Осыдан 80 жыл бұрын фашистік Германия КСРО-ға соғыс ашты. Дәлірек айтсақ, 1941 жылдың 22 маусым күні, шамамен таңғы сағат 4-тің кезінде неміс әскері Кеңес үкіметінің батыс шекарасына басып кірді. КСРО-ға фашистер үш бағыт бойынша соққы жасап, бар-жоғы 8-10 аптада басып алмақ болған. Алайда Кеңес одағы жаудың тосыннан жасаған соққысына тойтарыс берді, тарихта Ұлы Отан соғысы деген атпен қалған бұл шайқас 1945 жылы аяқталды. Бұл соғыста КСРО 27 миллион адамынан айырылды. Қазақстаннан майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы соғыстан оралмаған.

Бұл жеңіс – аталарымыз бен әкелеріміздің майдан даласында жанқиярлық ерлігі мен аналарымыздың ауыр күндердегі ерге бергісіз елдік істерінің жемісі. Уақыт алға жылжыған сайын ерліктің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті артып, тағылым-тәрбиесі мен мән-мағынасы тереңдей түсуде. Қаншама уақыт өтсе де Ұлы Отан соғысы тарихтың қасіретті беті болып қала береді. Бұл – халқымыздың шекіресінде тарих төрінен орын алған айтулы мереке. Соғыста есімі аңызға айналған Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев, Төлеген Тоқтаров, Қасым Қайсенов, Хиуаз Доспанова, Мәншүк пен Әлия

сынды ержүрек батырларымыз қазақ халқының абыройын асқақтатты. Соғысқа Жалағаш ауданынан 2316 азамат аттанған. Екіншіке орай олардың тек 695-і ғана елге аман-есен оралса, 1621-інің сүйегі жат жерде қалды. Сұрапыл жылдарда елді жаудан қорғаған ерлердің өзі болмағанымен олардың ерлік істері мәңгі жасай бермек. Сол бір сұрапыл жылдарда ерлік тек соғыста жасалған жоқ. Майдандағы ұрыс даласында жауынгер аталарымыз бен әкелеріміз қалай ерлік көрсетсе, ауылдағы еңбек майданында да сондай ерлік жасалды. Жыл сайын қатары сиреп бара жатқан тыл ардагерлері «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен егіс даласы мен зауыт-фабрикаларда жанқиярлықпен еңбек етіп, халықты алға бастады. Сондықтан олардың да бұл жеңіске қосқан үлесі зор. Ұлы Отан соғысында жерімізді, елімізді фашистік басқыншылардан қорғаған аталарымыз бен аналарымыздың ерлігі ел жадында мәңгі жаңғыра бермек.

Шарада тыл ардагерлеріне «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» мерекелік медалі табысталды. Сонымен қатар 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай бірқатар азамат аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Бүгінде ауданда 72 тыл ардагері бар. Соның бірі – М.Шәменов ауылының тұрғыны Рәзия Жүсіпова. Бұған дейін кеудесіне «Еңбек және Тыл ардагері» медалін таққан анамызға мереке қарсаңында «Ұлы Жеңістің 80 жылдығы» мерекелік медалі табысталды.

– Өткерген қиын күндердің бәрі әлі күнге дейін көз алдымда. Мен ес білгелі соғыстың не екенін білмесем де, ол туралы жиі еститінмін. Әкем «соғысқа кетемін» дегенде анам қамығып, көз жасын көп қылатын. Соғыс басталды дегеннен аналарымыздың көз жасына қарамастан әр үйден бір-бір адамнан, тіпті бір үйден 2-3 азаматтан соғысқа аттанды. Біздің үйден әкем, араға

бір апта салып әкемнің інісі, яғни 18 жасар ағам да соғысқа аттанды. Анам тасқарған ерте жұмысқа кетіп, үйге тасқаранғанда қолындағы бір уыс дәннен оралатын. Сол бір уыс дәннің түнімен дірменге тартып, бір күлше нан пісіреді. Бір сиырымыз болды, анам жұмыстан келгенше ойын баласы болсам да сол сырды бағып, сауып қоятынмын. Түнімен ұйықтамай қолғап, шұлық тоқитынбыз. Анамнан «бұны кімге береміз?» деп сұрағанымда, әкең мен ағаңа жібереміз дейтін. Таң атқанша көз ілмей, мылтық атуға ыңғайлы етіп үш саусақты қолғап тоқидым. Соғыс бітіп, әкем құлағынан жарақат алып елге оралды. Ал ағамнан екі рет хат келді. Одан кейін хабар алмадық, – дейді тыл ардагері.

Бүгінде ардагер анамыз – «Алтын алқа» иегері. 18 жасында Алтынбек Жүсіпке тұрмысқа шығып, небәрі 48 жасында жолдасынан айырылып, 8 перзентін өсіріп, ұлын уяға, қызын қияға қондырған. Бүгінде сол балаларынан тараған 30 немере, 59 шөбере, 2 шөпшек сүйіп отыр.

Салтанатты жиын театрландырылған қойылыммен жалғасып, көрермен назарына соғыс жылдарының оқиғаларын бейнелейтін сахналық көрініс ұсынылды. Сонымен қатар патриоттық рухты көтеретін өндер шырқалып, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Мұнан кейін Жеңіс күні қарсаңында жалағаштықтар «Ер есімі – ел есінде» ескерткішіне гүл шоғын қойып, бабалар рухына тағзым етті. Алдымен аудан халқы жеңіс жолында құрбан болған батырларды бір минут үнсіздікпен еске алып, олардың рухына құран бағыштады.

Ұлы Отан соғысында майдан даласында ерлік көрсеткен бабалардың өмір жолы ескелең ұрпаққа өнеге болары анық. Уақыт сырғып өткенмен олардың ерлікке толы өмір жолы ел жадынан өшпейді.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Мүшәйра

Ерлік дәріптелген күн



Елі үшін жанын қиып, бейбіт күнді аңсап, ерліктің биік үлгісін көрсеткен асыл азаматтарымыздың өнегелі өмір жолы – біздің буынға үлгі. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Ақшоқар ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен соғыс және еңбек ардагері Сариев Молдағали Елмұратұлының 100 жылдығына орай «Елге сыйлы ер еді» атты аудандық жыр-мүшәйра және суретшілер байқауы өтті.

Ерлік

Ұлы Отан соғысының қаһарманы

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына быыл 80 жыл толды. Сол зұлмат жылдары елдің амандығы үшін майданға аттанып, ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің есімі – бүгінгі ұрпаққа мәңгілік өнеге. Солардың бірі – Әбдіқалық Әлменов.

Әбдіқалық Ыбырайұлы 1923 жылы қазіргі Сырдария ауданы Асқар Тоқмағамбетов ауылында (бұрынғы Майлықұм колхозы) дүниеге келген. 1940 жылы Қызылордадағы педагогикалық училищені бітіріп, еңбек жолын Жалағаш ауданына қарасты Аламесек ауылындағы 1 май атындағы жеті жылдық мектепте мұғалім болып бастайды. Жас педагог сол жылдары комсомол мүшесі де болған.

1942 жылдың қаңтарында Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы әскер қатарына шақырылып, майданға аттанады. Алдымен Ташкент қаласына екі айлық әскери дайындыққа жіберіліп, сол жерде «сержант» шенін алады. Тамыз айында майданға жөнелтіледі.

Сол жылдың тамызында ата-анасына (Салбибі шешесі мен әкесіне (көке) соңғы хатын жолдайды. Онда «Майданға аттанып бара жатырмыз, Сталинград шайқасында бөлімше командирімін» деп жазған. Бұл оның туған-туыстарына жеткен соңғы үні еді. 1942 жылдың желтоқсанында отбасына



«ұрыс даласында қаза тапты» деген «қара қағаз» келеді.

Отбасы үшін бұл қасірет ауыр соқты. Анасы баласының тірі деп үмітін үзбей, өмірінің соңына дейін жолын тосып өткен. Соңғы хаты мен қара қағазын жастығының астына жастап жатқан деседі. Ал әкесі Ыбырай түсінде үйінің дарбазасының алдына Сталин келіп тұрғанын көріп, «бұл бір белгі болар» деп баласының тірі екеніне сеніп өткен.

Інісі Әбілқасым Ыбыраев ағасының есімі ұмыт болмасын деп тұңғыш ұлын ағасы Әбдіқалықтың құрметіне Әбдіқалық Махмұт Әбдіқалықұлы деп атаған. Бұл отбасындағы құрмет пен сағыныштың белгісі еді.

Әбдіқалық Ыбырайұлы – ерлікпен қаза тапқан боздақтың бірі. Оның есімі Асқар Тоқмағамбетов ауылындағы ескерткіш тақтаға жазылып, «Боздақтар» кітабына енген.

Суретшілер байқауында өнерпаздарға Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына байланысты тарихи оқиғаларды салып, шығармасы жайында қысқаша түсіндірме мәтін айту тапсырылды. Қатысушылардың өнерін аудандық суретшілер одағының мүшесі Жұматай Қорғанбаев бағалады.

Байқау өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беріп, ел қорғаған батырларымыздың ерлігін ұлықтауға зор үлес қосты. Шарада ақындарымыз жүректен шыққан жалынды жырларын арнап, жас суретшілеріміз өз өнерлерін паш етті. Әсіресе ақындарымыз жалынды жырларымен көрерменді тәнті етті. Бас жүлде Дидар Өмірзаққа бұйырды. I орынды Нұрбосын Садуақас иеленсе, Зылиха Бағланқызы II орынға лайық деп танылды. Байсерік Ерасыл мен Дулат Өркен үздік үштікті түйіндеді. Әлтай Меруерт, Бақытбек Бейбарыс, Темірхан Айтмұрат арнайы алғыс хат алды.

Суретшілер байқауы бойынша I орынды Айнұр Құдайқұл қанғыжасына байласа, II орынға Жанатай Алуа тұрақтады, ал III орынға Жұлдыз Қайыржанқызы лайық деп танылды.

Мұнан бөлек басқа да қатысушыларға «Шығармашыл жаңашылдық», «Көрермен көзайымы», «Ең үздік тарихи бейне» атты номинациялар табысталды.

Айта кетейік, қатысушыларға Молдағали Сариев атамyzдың ұрпақтары демеушілік жасап, байқаудың жоғары деңгейде өтуіне үлкен үлес қосты.

Сезім НҰР

Таным



Әке бейнесі

Кей адамдар бар, өзі фәни дүниеден озғанымен артында қалдырған өнегесі мен мейірімі, сөзі мен ісі, жүрек жылуы мен адамгершілігі мәңгілікке ұласып жатады. Менің әкем Айниет Әсербаев дәл сондай жан еді. Биыл Ұлы Отан соғысының ардагері, елге еңбек сіңірген абзал жан Айниет Әсербаевтың дүниеге келгеніне 100 жыл, Ұлы Жеңіске 80 жыл толып отыр. Осы үлкен белесте жеңісті жақындатқан майдангер әкені сағынышпен еске алып, ғұмыр жолына тағзым етуді парыз санадым.

Әкем Айниет Әсербайұлы 1925 жылы Қазалы ауданының қазіргі Абай колхозында дүниеге келген. Тағдыр тауқыметімен тұстас келген жастық шағы соғыстың қара бұлтымен тұмшаланды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда бір әулеттен үш бірдей ұл Ақниет, Байниет, Айниет майданға аттанып, елің жерін қорғауға бел буды. Әкемнің ағасы Байниет Сталинград шайқасында ерлікпен қаза тауып, Ақниет майдан даласындағы шайқастардың бірінде ауыр жарақат алып, елге оралды. Ал әкем Айниет Қызыл Армия қатарына шақырылып, Қиыр Шығыста Жапон императорының Квантун армиясына қарсы шайқастарға қатысады.

Германия тізе бүккенімен, соғыс аяқталмады. Ялта конференциясының шешімімен Кеңес одағы Жапонияға қарсы соғыс ашуға міндеттеліп, Забайкалье майданына жауынгерлер аттанды. Осы қан майданда 648 мың сарбаздың арасында Сыр елінің ержүрек жігіттері де болды. Олардың қатарында 39-армия құрамындағы 8-ші гвардиялық дивизияда менің әкем де ерлікпен шайқасты.

Отпор, Хайлар, Харбин, Жалайнор бағыттарындағы ауыр ұрыстарда көрсеткен ерлігімен көзге түскен әкем елге 1948 жылдың көктемінде аман-есен оралды. Соғыстан соң бейбіт өмірдің бел ортасында жүріп, ел іргесін нығайтуға аянбай еңбек етті. Партия, кеңес қызметінде жүрген жылдары халық игілігі үшін талмай тер төкті. Сауда саласында еңбек етіп, ауданның экономикалық өлеуетінің артуына зор үлес қосты.

60-тан астам колхозы бар Бірлік, Ақөзек сияқты ірі селпо жүйесін басқарды. Кейін Жаңа Қазалы кенті сауда мекемесінің тізгінін ұстады. Білімі мен тәжірибесін ұштастыра отырып, қарапайым халықтың тұрмысын жақсартуға тырысты. Ерен еңбегі елеусіз қалмай, «Құрмет белгісі», «Еңбек Ері», «Жуков» медалі және екінші дүниежүзілік соғыста көрсеткен ерлігі үшін көптеген орден-медальмен марапатталды.

Әкем 2000 жылы 75 жасында өмірден озды. Бірақ артында өшпес із, мәңгілік өнеге қалды. Бүгінде әкемнің бейнесін еске алғанда, жүрегімнің бір тұкірінде сағыныштың мұңы бүрк етеді. Көзі тірісінде жасым қырықтан асса да оның қасында өзімді баладай сезінетімін. Әкем бар кезде дүние уайымсыз көрінетін. Жасым ұлғайған сайын, әкенің қадірін тереңірек ұғына бастадым.

Көңілімде бір көрініс жаңғырып тұрады, әкем жетпістің жүгін арқалап жүрген шағында шәй үстінде анасын еске алып, көзіне жас алған еді. Сол сәтте мен оның жүрегіндегі сағынышты түсінбей «Неге жылдайсыз?» деп аңғалдық танытқан өкенім. Енді міне, дәл сол сезімді өзім бастан өткеріп отырмын...

Әкемнің мінезі қаталдау болғанымен жүрегі жұмсақ еді. Үнемі балаларының амандығын ойлап, қамқорлығын білдіріп отыратын. Мен ана болсам да, әкем «қалың киін, суық тиіп қалмасын» деп екі қолымды жылытып, алақанына қатып отыратын. Енді ол алақанның жылуын тек естеліктен ғана сезіне аламын.

Ол ерекше бауырмал еді. Адалдығы мен әділдігі, елге жасаған қамқорлығын көзі көргендер әлі күнге дейін сағынышпен еске алып отырады.

Жоғарыда айтып өткендей, биыл әкем Айниет Әсербаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Уақыт алға жылжығанымен, жүректегі әке бейнесі ешқашан өшпейді. Осы бір тарихи сәтте мен әкемнің рухына тағзым етіп, оның өмір жолына қайта бір үңіліп, жарқын бейнесін қалың оқырманға қаламмен жеткізуге тырыстым.

Мира ӘСЕРБАЕВА, майдангердің қызы



Серік АМАНЖОЛОВ, майдангердің немересі

Тарих

1982 жылдың шілде айының ортасы болатын. Ол кезде мен аудандық партия комитетінде қызметте болатынмын. Осы уақытта аудан басшысы Қонысбек Қазантаевтан бастап барлық деңгейдегі бөлім, мекеме басшылары Қарақұм мен Қызылқұмдағы малшылар тойын өткізуге кететін. Осындай күндердің бірінде ауданға батыр партизан Қасым Қайсенов келді. Шамасы ол кісіні көрші ауданнан көлікпен жеткізіп салған болуы керек.

Ол кісінің келуінен хабардар аудандық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Төлеш Есқазиев жұмыста отырған екі-үш қызметкермен Райкомның алдында қарсы алдық. Аман-саулықпен кейін Төкеңнің бөлмесіне кірдік. Төкең аудан басшылары іс-сапарда екенін айтып, ауданның тыныс-тіршілігінен, мектептердегі әскери патриоттық тәрбиенің барысын соғыс ардагерлерінің хал-жағдайынан мәлімет берді. Батыр партизан іс-сапарының мақсатын айтып, жақын жердегі ауылдағы бір мектепке барып, оқушылармен кездескісі келетінін жеткізді. Төкең мені Қасым Қайсеновке таныстырып, «мына жігіт сізді жақын жердегі Ақсу кеңшарына алып барады. Мектеп жұмысмен кездесе аласың» деді.

Осылайша мен батыр партизанмен сапарлас болдым. Мектеп мұғалімінің ескілеу москвичіне отырып, Ақсу ауылын бетке алдық. Ол: – Әкең бар ма? Соғысқа қатысқан ба? – деді.

Мен өкеміңіз қайтыс болғанын, Сталинград майданына қатысқаның басынан жараланып, жағының сынганын, бір көзіңіз сыртқа шығып кеткенін айтқанымда ол маған қарап, «Әкең де мен сияқты жараланған екен ғой, бастан жараланған өте ауыр, соғыста жауынгерлердің басты бірінші қорғауы содан» деп соғыстағы өмірін еске алғандай болды.

– Бұл ауданда партизан қозғалысына қатысқандар бар ма? – деді. Мен соғыстың алғашқы жылдарында күші басым жауға қарсы шайқастарда амалсыздан тұтқынға түсіп, концлагерлерден қашып шығып, Италия, Франция, Балхан елдеріндегі партизан қозғалысына қатысқандар барын білгенімше хабардар еттім.

Партизан қыз-келіншектер бұл ауданда бар ма? – деді.

Мен білмейтінімді айттым. Ол кісі үнсіз жауабымды тыңдап отырды. Ойлап қарасам, бұл сұрақты маған бекерден-бекер қоймаған екен. Ұлы Отан соғысы жылдарында Украина, Белоруссия әскеріндегі партизан қозғалысының көшбасшысы болған батыр Қасым Қайсенов еліміздегі партизан қозғалысына қатысқандарды түгел біледі екен.

Бүгінгі Еуразия құрлығындағы мекен еткен ұшқан құстың қанаты талатауың, кеңбайтақ жерімізді жаудан қорғауда, аналарымыз да батырлық пен ерліктің өнегесін көрсетіп, шайқастарда мерт болғанын білеміз. Солардың бірі Бұқарбай Біржанұлы жары Шынар анамыздың қаскөйлерге қарсы шайқасы кейінгі ұрпаққа өнеге болып келеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Әлия мен Мәншүк, ұшқыш Хиуаз Доспанованы жұрт жақсы білгенмен, жалағаштық партизан қыз Тұрғанбике Жұмабайқызы жайында бір білсе, енді бірі біле бермейді. Ол төрт жыл соғыстың алғашқы күнінен бастап соңына дейін Белоруссияның сазды-батпақты ормандарында қар жамылып, мұз жастанып, құндақтаулы баласын қапшыққа салып арқалап жүріп, жеңісті жақындатуға үлес қосты.

Бүгінгі әңгіменің арқауы болып отырған Тұрғаш Жұмабайқызы шын аты (Тұрғанбике) 1922 жылы Жалағаш (бұрынғы Ақсу) қыстағында дүниеге келген. Әкесі Жұмабай Піржанұлы осы Ақсу өңірінде 1885 жылы дүниеге келіп, өмірінің соңына дейін теміржолда қарапайым жұмысшы болып істеді. 1937 жылы 52 жасында дүние салады. Шешесі Алуа Жүсіпқызы 1898 жылы Қараөзек бойындағы «Қызыл үй-Мортық» деген жерде дүниеге келіп, 1959 жылы 61 жасында Жалағаш қыстағында қайтыс болған.

Темір жолда жұмыс істей жүріп көп нәрсені ойға түйген Жұмабай қызының білім алғанын, орысша оқығанын қалайды. Әрине, бұған сол кездегі саясаттың да, теміржолда жұмыс істейтін орыс ұлты өкілдерінің көп болуы да әсер еткені анық. Тұрғаш Жұмабайқызы Жалағаш қыстағындағы алғашқы қырғыз-қазақ училищесінде, кейін Сталин атындағы мектепте оқыған. Аталған мектепті 1939 жылы үздік бітіргенімен, жоғары оқу орнында оқысам деген арманы жүзеге аспайды. Бұған Тұраштың отбасылық жағдайы мүмкіндік бермеді. Сол жылы ол елге демалысқа келіп жатқан Батырхан Қаражігітов деген жас офицермен танысады, кейін бұл таныстық үлкен сезімге ұласты.

Екеуі бас қосып, тойын өткізгеннен кейін Белоруссияға, яғни күйеуі әскери қызмет атқарып жүрген Батыс ескери округіне қарай сапар шегеді. Міне, Тұраштың Белоруссия жеріндегі күндері осылай басталған болатын. Ол



Партизан қыз Тұрғанбике

кезде қазақ қыздарының ел асып, қиян шетке кетуі сирек болатын жайт қой. Анасы Алуа да, туыстары да алаңдаулы болатын. Бірақ үш-төрт айдан кейін жастардан келген хат пен суреттер олардың уайымын сөйлітті. Ол кезде Батырхан Қаражігітов Белоруссияның Борисов ауданындағы Логайск деген жерде Қызыл армия қатарында взвод командирі болып қызмет атқаратын лейтенант болатын. Сонымен ерлі-зайыпты екеуі 1940 жылдың шілде айында балалы болды.

Бұл тұста Германиямен арадағы соғыс қауіп туралы жалпы ел білмегенімен, шекара маңындағы әскерилердің сезгені, дайындық шараларының жүргізілгені белгілі. 1941 жыл басталысымен Тұрғаштың елге қайтқысы келеді, оған ауылды, туған-туыстарың, анасын сағынуы да әсер етуі мүмкін, сонымен қатар өздері араласатын әскерилер мен олардың әйелдері арасындағы соғыс туралы әңгімелердің де әсері болғаны анық. Алайда Батырхан жазда демалыс алып, екеуі бірге баратынын айтып, оның елге жүруін көшеуілдетеді.

Көп ұзамай бейбіт күн кешіп, мамыражай тіршілік етіп отырған ел аспанын соғыс бұлтты торлады. Неміс басқыншылары екі ел арасындағы шартты бұзып, бар әскери күшін Кеңес одағына төкті. Олар шілденің бірінші аптасында-ақ Минск облысының көп жерін басып алды. 1941 жылы маусымның 22-сі күні сағат таңғы 4-те әскери дабылмен кеткен Батырхан селден соң телефон арқылы Тұрғашқа «тез арада елге қайт» дейді. Бірақ бұл кезде олар жау қоршауында қалып қойған еді.

Бұлар тұрған әскери қалашықта адам түсініп болмайтын аласапыран басталды. Жылаған бала, үрейлене жүргірген әйелдер, әр тұста жарылған бомба, ысқырған снаряд, әскерилердің барлығы да алғы шепке кеткен олардан хабар жоқ, тек алыстан соғыс дабылы естіледі. Міне, осындай жағдайда пана-сыз қалған әскери қалашықтағы тұрғындар жақын жердегі Лугайск орманын паналайды. Осы кезде олардың қатарына жаралысы бар, басқасы бар әскерилер де жинала бастайды. Олардың ішінде жоғары шенді коман-дирлер де, сержанттар мен қызыл әскерлер де болды. Өз бөлімшелерінен қалып қойған, болмаса адасып кеткен саяси қызметкерлер де баршылық. Солардың ішінде №2-ші атқыштар дивизиясының көшпелі баспахана бастығы, аға политрук (саяси жетекші) Уәли Оразбаев (ұлты – ноғай) босқындардың барлығын бір топқа жинап, жасырын қаруланған үлкен топқа әкеліп қосады. Ал Батырханнан хабар ала алмаған Тұраш алаңдаулы еді, ұлын бірде арқалай, бірде қолына ала бұйрық бойынша әрекет етуге көшеді. Бұлар жаудан кек қайтаруға кірсе-ді, бірақ бұл басқыншылар үшін үлкен қауіпке айналды.

Аталған топтың командирі Дорбин Николай екен. Біртіндеп топтары көбейіп «Большевик» деген партизан отрядын құрып, аз уақыттың ішінде «Николай Шорс» атындағы парти-зандар бригадасы атанды. Осы бри-гаданың әскери комиссары Уәли Оразбаев болды. Ал жазушы болған партизан Тоқтағали Жангелдин («Пар-тизан күнделігі» атты кітаптың ав-торы) Борисов ауданының жасырын комсомол ұйымының бірінші хат-шысы екен. Тұрғаш алайдың өсел карточкасын сол кісі топтырыпты. Бе-лоруссиядағы партизан қозғалысында 1500 қазақстандық қатыса, солардың ішінде Тұрғаш та бар еді, осылайша оның партизандық күндері басталды.

Соғыстың басталғанына бес-алты ай болса да олардың отрядында рад-ист болмайды. 1942 жылдың қаң-тар айының аяғында Мәскеуден арнаулы радиотехника мектебін бітірген Нұрғаным Байсейітқызы ке-ліп, партизан бригадасына көмек көр-сетеді. Осылайша «Үлкен жермен» байланыс орнатылды. Нұрғаным пар-тизандарға соңғы хабарларды, Совин-формбюроның хабарларын баяндап отырады. Көп ұзамай Нұрғаным Тұр-ғашты радиотехникаға үйреткеннен

кейін өзі жауынгерлік тапсырмамен басқа бригадаға ауысып кетеді.

Тұрғаш үш айдың ішінде неміс тілін жетік меңгерді. Көбіне радио-техниктердің қасында болып, әуе тол-қынында «Үлкен жерден» келіп жеткен құпия шифровкаларды тәржімалап, өте маңызды әрі қажет ақпарларды өз командиріне жеткізіп отырды. Қолы бос кезде наубайханаға, асханаға да көмек көрсетті. Барлаушылар «тіл» әкелсе, әкелген тұтқыннан жауап алуға да қатысады. 1944 жылы тамыз айының 23-і күні неміс басқыншыларынан Бе-лоруссияның көптеген жері азат етіл-геннен кейін Тұрғаш Жұмабайқызы II-дәрежелі «Ұлы Отан соғысының партизаны» орденімен марапатталды.

Бұған дейін олар небір қаһарлы күндерді, мазасыз түндерді көріп, оқ пен оттың арасынан өткен болатын. Бірде бұлардың тобы партизандарды жоюға шыққан фашистердің үлкен белімімен бетпе-бет келді. Қардай бораған оқтан сытылып шығу да оғай шаруа емес еді. Әр ағаштың түбін паналай соғысқан партизандар өз отрядтарына қарай бет түзейді. Авто-матын қыса ұстап, жауға кектене оқ төккен бір партизанның арқасында таңылған бір түйіншек жүрді. Иә, бұл-ұлы арқасына таңып алып, жауға қарсы оқ боратқан қазақ қызы Тұрғаш, партизандар Тамара атап кеткен Тұр-ғанқұл Жұмабайқызы болатын. Кейін Тұрғаш апай ауылдастарына осы туралы: – «Жан алып, жан беріскен айқас, бораған оқ, шегініп келеміз, бір кезде арқамдағы бала бірден ауырлап кетті, не болғанын түсіне алмадым, бірақ жүрегім бір жамандықты сез-гендей тулай жөнелді. Оған қарайтын шама жоқ, ізінде өкшелей қуған ит ерткен неміс автоматшылары, тек құтылуды ойлайсың. Жанталаса со-ғысып, жаудан қара үздік, отрядқа келгесін қаруластарыма «Арқамдағы бала қимылдамайтын сияқты, шешіп алып, көріңіздерші» дедім. Сөйтсем оған жау оғы тиіп, о дүниелік болып кеткен екен», – деген еді.

Күйеуі хабарсыз кетіп, ал ұлынан көз алдында айырылған Тұрғаш енді жауа одан сайын кектене түсті. Ол Отан соғысы тарихында маңызды ұрыстардың бірі болып саналатын Одер маңындағы шайқасқа қатысады. Жаудың терең тылына Одер өзе-нінің маңына оларды бір түні ушақпен жеткізіп салады, бұлар сол маң жауд-тан тазарғанша өздеріне жүктелген жауынгерлік міндетті абырроммен орындайды. Орталық оларды қару-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлікпен, қажетті жарақтармен, киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырды. Үнемі бай-ланыс болып, жаралылар әкетілді. Бірде олардың шағын тобы із жасыру мақсатымен орманда келе жатқанда жау қолына түсіп қалады. Оларды комендатураға әкеліп, қинап жауап алса да, ұрып-соқса да жөндерін айтпайды. Бұдан соң оларды «өлім лагеріне» айдайды, бір-екі ер кісіні сол жерде атып тастайды.

Лагерде оларды жұмысқа салады, бірнеше тілге жетік болғандықтан Тұрғаш асханаға ыдыс-аяқ жуушы болып орналасады. Тұтқындарға та-мақ бермейді, ол неміс солдаттары асханасынан тамақ ұрлап алып шы-ғып, түнде бараққа келгенде қасын-дағыларға үлестіріп отырады. Бірде бараққа қайтып келе жатып, қоршау ішінде тұтқындардың ағаштың түскен жапырағын жат тұрғанын көріп, ұрлап өкеле жатқанын соларға лақтырады, сол кезде неміс солдаттары көріп қалып, қолын сындырады. Алайда барақтағы тұтқын әйелдер арасынан сынықшы табылып, мұның қолын емдеп шығады. Арада екі-үш айдай уақыт өткен соң бұларды партизандар құтқарып алады, ол осылайша бұ-рынғы отрядына қайта қосылды.

Тұрғаш апамыз туралы ақпараттық деректерге сүйенсек, 1945 жылы та-мыз айында ол елге оралады. Оның елге келуіне қатысты Шайхы Жү-сіповтің естелігінде біраз мағлұмат барымыз. Жеті жыл елде болмаған, орыс, украин, неміс, белорус тілдерін білеті білген оның ауылға келген сәтте қазақшаға қиналғанын айта оты-

рып, «... Тұрғаштың киімдері әлі де көз алдымда. Үстінде гимнастерка, иығында погоң, басында пилотка, ша-шын қысқа қиған, юбкасы, аяғында хром етігі, бөлінде былғары белбеуі бар...» деп суреттейді Ш.Жүсіпов.

Бұдан соң, яғни екі-үш ай өткесін Батырхан да елге оралды. Сонда Тұрғаш «Батырханды партизан болып жүргенде кездескенде атып тастар едім. Баламен екі жыл азап шегіп, қанша қиналдым. Соғыс басталмай тұ-рып елге апарып таста деп қанша жа-лынғанмен тыңдамады, ақыры ұлым-нан айырылдым...» депті. Жаны күйген ана осылай демегенде не десін?!

1945 жылы аудан орталығындағы балабақшаға меңгеруші болып қыз-метке орналасқан Тұрғанбике Жұма-байқызы 1947 жылы өмірден озды. Соғыс салған жара жазылмай бақылық сапарға аттанып жүре берген қазақ қызының, Сыр аруының тағдырына қатысты, өмір жолына байланысты әлі талай зерттеулер жасалар, әлі талай еңбектер жазылады деген үміттеміз.

Отанының азаттығы мен бостан-дығы үшін фашизмді талқандауда ерлер мен қатар Отанымыздың қыз-келіншектері Кеңес-Герман майдан-дарының барлық соғыс шебінде ерлік пен батырлықтың, үлгісін көр-сетті. Солардың бірі болған апамыз Отанына деген патриоттық жан-қиярлық ерліктері көзінде бағалана бермеді. Солардың ішінде жерлесіміз, жалағаштық апамыз Тұрғанбике Жұ-мабайқызының да ерлігі өз алдына бөлек өңгіме. Төрт жыл Белоруссия мен Европаның сазды батпақты өңірінде, ормандарында қар жамылып, мұз төсеп, аш-жалаңаш, жаумен шайқаса жүріп, денсаулығынан айырылып ел-ге оралған Тұрғанбикенің бір-екі жыл өмір сүріп, дүниеден өтуі аяншыты да қайғылы жағдай еді.

Апамыз бен Батырхан ағамыз жайлы көнекөз қариялардың айтуынша, Тұрғанбике дүниеден өткеннен кейін Батырхан Түркістан әскери округінде қызметін жалғастырып, отбасын құ-рып, зейнет демалысына шығып, Алматы қаласында тұрған. Осы ма-қаланы жаузда Батырхан ағаның жиені, ауданымыздың байырғы тұр-ғыныТұраш Ақшамұратов асқакал-дан осы жайды сұрағанымыда ол 1972 жылы Алматыдағы жоғары оқу ор-нында оқып жүргенінде Батырхан ағаға іні болып келетін қазіргі Бұқарбай батыр ауылының тұрғыны Оразалы мен Әйелі Жәмиланы ертіп Батырхан ағаның үйіне алып барғанын айтты.

Ал мен секенішің жылдардың басында Жалағаш қыстағында Батыр-ханның немере қарындасы, аудандық байланыс бөлімінде телефоншы бо-лып жұмыс атқарған Қалдас Қара-жігітовамен көрші тұрған едім. Сонда Қалдаш «Алматыда тұратын ағамның үйіне барып келдім» деп жүретін. Ал соғыстан жеңіспен оралған партизан Тұрғанбикені алғаш көріп, оның әскери киіміне таңқалған жөне сөзін естіген Шайқы деген кісі сексеніңші жылдар-дың соңында дүниеден өткенін білеміз. Сум соғыста арман ерте сөнді, миллиондаған боздақ жат жерде көз жұмды, талай ана жары мен бауыр еті баласынан айырылды. Олардың бірі майдангер партизан Тұрғанбике апа-мыз еді.

Уақыт өткен сайын тарих беттері сарғайып, адамзат баласына қайғы-лы да қасіретті алып келген екінші дүниежүзілік соғыста еліміздің азат-тығы мен бостандығы үшін жанын қиған ерлердің есімі көмескіленіп бара жатқандай. «Іздеуі жоқтың сұрауы жоқ» дегендей, елеусіз қалған есім-дерді халқына қаушытыру, олардың майдандағы жанқиярлық ерлігін көле-шек ұрпаққа насихаттап, Отанға деген патриоттық сезімін арттыру бүгінгі аға ұрпақтың міндеті деп білемін. Осы тұрғыда жалағаштық Тұрғанбике Жұ-мабайқызы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесі қарсаңында еліміздің тари-хынан өз орнын алады деген үміттеміз.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Майдангер ерлігі – ұрпаққа үлгі

Ұлы Отан Соғысы... Осы тіркесті оқығанда кез келген жанның ойына сонау сұрапыл соғыс жылдары, баласынан айрылып зарлаған қарт ана, жан жолдасынан айрылып жылаған жар, әкесіз қалған жас бала тағдыры келетіні даусыз. Әлемді дүр сілкіндіріп 1941 жылдың 22 маусымында басталған бұл соғыс сол кездегі Кеңес одағының бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 мамырда жеңіспен аяқталғаны бәрімізге белгілі. Сол соғыс қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін, батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. «Бір аштықтың бір тоқтығы бар» дегендей, «соғыс» сөзімен қатар санамызға сіңген «жеңіс» сөзін есіткенде үміт оты лаулайды жүрегінде.



Міне, сол Ұлы Жеңіс туының аспанымызда желбірегені 80 жыл толып отыр. Осы мерекеге орай Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерімізді еске алу – біздің, яғни кейінгі ұрпақтың міндеті. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, соғыстың орасан ауыртыплығын көзімен көріп, өңсере білген батырлардың бірі – менің нағашы атам Сейтен Шектібаев. Сейтен атамыз 1914 жылы Жалағаш ауданы Еңбек ауылында дүниеге келген.

Елі мен жерін шексіз сүйген азамат 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда әскер сапынан табылып, майданға аттанады. Ол қан майданда сержант шенінде болып, жауға қарсы аянбай шайқасып, өз Отанын қорғауда ерен ерліктің үлгісін көрсетті. 1945 жылы оң жамбасына оқ тиіп жараланып, елге оралады. Оның қаһармандығы мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, 1947 жылы «Әскери еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Соғыс аяқталған соң бейбіт өмірде Сейтен ата елдің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне кірсе-ді. Ол №121 Қызыл октябрь мектебінде мұғалім болып қызмет атқарып, бар білімін жас буынға арнайды. Осылайша елдің білімді азаматтарын тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты.

1947 жылы өмірлік жары Қанымжан Шектібаевамен отау құрып, өмірге ұрпақ әкеледі. 1949 жылы Сейтенова Аршағұл 1950 жылы Сейтенова Баршағұл 1953 жылы Сейтенова Злиха, 1957 жылы Сейтенова Ұлдаш дүниеге келіп, бүгінде солардан өсіп-өнген әулет тарап отыр. Әкінішке орай Сейтен Шектібаев атамыз 1958 жылы 23 ақпанда соғыс салған жарақат салдарынан өмірден өтті. Бірақ оның есімі ұрпақтарының есінде мәңгілік сақталды. Ол – тек отбасының ғана емес, күллі елдің мақтанышы.

Сақыпжамал ДӘРМЕНҚҰЛОВА,
жиен немересі

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5-бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 6 мамырдағы шешімімен 2025 жылғы 1 маусымға тағайындалған сайлауда Аламесек ауылдық округі әкіміне төмендегі азаматтар кандидаттар болып тіркелді.

- Астанакулов Галымжан Аскарович – 1980 жылы туған, қазақ, «Жалағаш кенті әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Жалағаш кентінде тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.
- Көшеров Абай Қырғызбайұлы – 1981 жылы туған, қазақ, «Аққум ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Аққум ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.
- Тажибаев Даулеткерей Уразбекұлы – 1963 жылы туған, қазақ, «Аламесек ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Есет батыр ауылында тұрады, «AMANAT» партиясының мүшесі, «AMANAT» партиясының филиалы ұсынған.

Хабарландыру

Жалағаш кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиналыс өкілдеріне!

Жалағаш кенті бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізілетінін Жалағаш кенті әкімінің аппараты хабарлайды.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- Жалағаш кентіндегі атауы жоқ көшелерге Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімін беру туралы

Жиналыстың өтетін күні, уақыты және орны:
10.06.2025 жыл, сағат 10.00-де, Жалағаш кенті әкімі аппа-ратының кеңсе ғимараты.

Хабарландыру

Мақпалкөл ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы 2025 жылы 9 маусым күні сағат 10.00-де Мақпалкөл ауылдық округі әкімдігі ғимаратында өткізіледі.

Қоғамдастық жиналысында келесі мәселе қаралады:
1. Мақпалкөл ауылдық округінен Ұлы Отан соғысы ар-дагерлеріне көше атауын беру туралы.

Мақпалкөл ауылдық округінің әкімдігі

Тағзым

Ер есімі – ел есінде



Күллі елдің апшысын қуырған сұм соғыстың таспасы тарихқа қашалып, жауынгерлердің ерлігі ұрпақтар жадында мәңгілік сақталатыны ақиқат. Жер-дүниені дүр сілкіндірген Ұлы Жеңістің салтанатын жылма-жыл тойлап отырған кейінгі ұрпақ, яғни жеңістен кейін өмірге келген біз бақыттымыз. Қасықтай қаны қалғанша жаумен арпалысып, сұм соғыста қан төгіп, өзін құрбан қылған аға ұрпақтың ерлігі, патриоттығы, елжандылығы ғасырлар бойы тарих беттерінде хатталып қалатыны шындық.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Таң ауылдық округінде боздақтарды еске алуға арналған «Ер есімі – ел есінде» атты ескерткіш монументі салтанатты түрде ашылды. Тағылымды іс-шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов, аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, тыл және еңбек ардагерлері, сондай-ақ зиялы қауым

өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты. Салтанатты рәсім барысында «Мәңгілік алау» монументіне гүл шоқтары қойылып, соғыс құрбандарының рухына Құран бағышталды.

Аудан әкімі ел қорғаған ерлердің есімі ешқашан ұмытылмайтынын атап өтіп, жастарды отансүйіштікке тәрбиелеу бағытындағы мұндай шаралардың маңыздылығына тоқталды.

– Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті артып, тағылым-тәрбиесі мен мән-мағынасы тереңдей түсуде. Қаншама уақыт өтсе де Ұлы Отан соғысы біздің тарихымыздың қасіретті беттері болып қала береді. Әрқашан аспанымыз ашық, күніміз жарқын болсын! Елімізде бейбітшілік туы мәңгі желбіреп, әрбір шаңырақта шаттық пен қуаныш орна-сың, – деді аудан әкімі.

Сонымен қатар Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев боздақтардың рухына тағ-зым ету ұрпақ парызы екенін атап өтті.

– Ұлы Жеңіс күні – ерлік пен даңқ, елдің бірлігі мен ынтымағы салтанат құратын сәт. Ұлы Жеңіс жолында па-рыз бен намысты алға қойып, Отан үшін от кешкен жаужүректерімізді ұлық-тап, жанқиярлық ерлікпен қаза тап-қан батырларымызды еске алу, ерлік істерін ұрпақ жадында жаңғырту – біздің

ортақ парызымыз. Қайсарлық пен қайтпас рухтың хас үлгісін көрсеткен жауынгерлер ерлігі ел жүрегінде сақ-таулы. Осынау бейбіт күннің келуіне атсалысқан батыр бабаларымыздың бүгінгі ұрпағы биыл Ұлы Жеңістің 80-ші көктемін тойлауда. Жалпы бейбіт күнде алаңсыз өмір сүріп жатқанымыз майданда кеудесін оққа тосып, Отан үшін от кешкен аға буын ерлеріміздің арқасы деп білеміз, – деді Имамзада Шағыртаев.

Айта кетейік, Ұлы Отан соғысының ардагері, түйе палуан Көлжан Сүлей-меновті еске алуға арналған жастар арасындағы қазақ күресінен облыстық турнир ұйымдастырылды. Турнирде аймақ бойынша ауыр және орта сал-мақтағы палуандар белдесіп, ел рухын асқақтатты.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Еңбек адамы

Кұлбағирам Тұрсынбаева, тыл ардагері:

Біз көрген соғысты ұрпағымыз көрмесін

«Соғысқа әкем

МұхтарТұрсынбаевты және ауылдың ер-азаматтарын алып кетті. Ауылда бас көтеретін ешкім жоқ, ылғи кемпір-шалдар, қыз-келіншектер мен бала-шаға қалған. Мен соғыс басталған жылдары 5-6 жаста едім. Ол кезде ауыл халқы тары мен мақсары егеді. Біз таң атқаннан көш батқанға дейін сол алқаптың басындамыз. Кішкентай болсақ та өгізге, атқа арба жегіп, алқапқа дөңді дақылдарды егуге жәрдем бердік. Күздің кезінде шыққан өнімнің бір түйірін шашпай теріп, майданға жөнелтіп отырдық. Онымен қоса әжелер балаларына жүннен киім тоқып, үйіндегі азық-түліктерін майданға жөнелтетін» деп бастады әңгімесін 90 жасқа таяған тыл ардагері Кұлбағирам Тұрсынбаева.



Әжеміздің бейнеттің ащы дәмін татып, тынбай еңбектенген жанның бірі екенін әңгімесінен байқадық. Қолына қару ұстағаны майданға аттанса, қарт-

тар мен әйелдер, бала-шаға еңбек май-данының арсеналына айналып, тылда аянбай еңбек етті. Ұрыс даласында атылған оққа қарсы тұрмаса да,

тылда еңбек еткен батырларымыз ашаршылықты, адам төзгісіз қиыншы-лықты басынан өткерді. Әрине, әжеміз айтып отырған бұл деректер біз үшін ертегі секілді, бірақ сонысымен өте қызықты еді. Сондықтан әжеме сұрақ қоя отырып, әңгімесін ары қарай жалғауын өтіндім. Кейіпкеріміз тағы да біраз ойға шомып, әңгімесін жалғай берді.

«Анам алқаптан бір уыс тарыны қалтасына салып, үйге алып келіпті. Әрине, бар аналық ойы сол тарыны диірменнен өткізіп, балаларына талқан дайындап беру болса керек. Бірақ бри-гадир біліп, бір түйірін де қалдырмай, алып қойды. Сонда анам да, біз де қыңқ еткен дауыс шығармай, ісімізге ұялып, бригадирден кешірім сұрадық. Қазір ойласам, не деген жанкештілік, па-триотизм деймін. Иә, анамыз кешқұрым 2 түйір жүгеріні диірменнен өткізіп, бізге сол ұннан нан жауып беретін. Үйдегі бала-шаға таласып-тармасып жеп қоя-тынбыз» дейді тыл ардагері.

Қаншама қиын күндерді артқа тастап, 1945 жылы қасіретті соғыс та аяқталды. Кұлбағирам әжеміздің әкесі соғысқа 1942 жылы аттанып, 1946 жылы елге оралған. Әжеміз сол кезде небәрі 2-3 сыныптың оқушысы екен. Соғыстың қайда болғанын, қай жерде

жараланғанын, бомбаның астынан қалай аман қалғанын, соғыстан кейін ауылды дамытуда бойындағы бар күш-жігерін салғаны туралы әкесінің әңгі-мелерін кейіпкеріміз тындап өсіпті.

Иә, батыр әжеміз өткен қиыншылық-тардың қайтарымы ретінде қазіргі таңда балаларының, немере-шөберелерінің ортасында өмір сүріп отырғанына шү-кіршілік етеді. Бүгінде әжеміздің 30-дан астам немере-шөбересі бар. Балалық шағының алаңсыз күндерін ұрпаған сұм соғысты есіне де алғысы жоқ.

Сол соғыстан кейінгі жылдары жо-ғары білім алып, ауданымыздың білім саласының дамуына үлес қосады. Ау-дандағы Темірбек Жүргенов атындағы №123 дарынды балалар мектебінде 35 жыл бойы ұстаздық етіп, мықты тұл-ғаларды тәрбиелеген. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында Жалағаш аудан-дық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов ардагер ұстаз Кұлбағира Тұр-сынбаева анамыздың үйіне арнайы ба-рып, облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжановтың арнайы құттықтауын табыстады.

Батыр анамыздың тек бір ғана ар-маны бар, ол «Кейінгі ұрпақ соғыс көр-мей, тек бейбітшілікте өмір сүрсе екен» дейді.

Жандос ЖАЗКЕН

Ерлік

Өмір жолы өнеге

Ұлы Отан соғысында қаншама қазақ отбасы тірегінең балаларынан айырылды. Елде қалғандарда «соғысқа аттанған жақындары майдан даласынан жеңіспен елге аман-есен оралады» деген жалғыз үміт болды. Сол жеңісті қуанышпен қарсы алғанымен бүгінде олардың жүрегіндегі соғыс салған жара әлі де жазылған жоқ. Себебі қаншама қазақ әскері майданда қаза болды, елге жеткендердің көбісі жараланып келді. Ал сол тұстағы елдегі қиын тұрмыс өз алдына бөлек әңгіме.



Тарихы әріден бастау алатын Аламесек ауылдық округінен де екінші дүниежүзілік соғысқа қаншама адам аттанып, Кеңес жерін жаудан азат етуде ерен ерліктің үлгісін көрсетті. Солардың қатарында Брянск майданында жауға жойқын соққы берген жауынгердің бірі Назар Қосмамбетов те бар.

Ол 1900 жылы Жалағаш ауданы Ақарық ауылдық округі №13 «Көкпая» колхозында, бүгінгі Есет батыр ауылында дүниеге келген. Әкесі зергер Қосмамбет Қараев 1845-1917 жылдары өмір сүрген анасы Бегімай Қаракелін 1914 жылы дүниеден озды. Он жеті жасында ата-анадан айырылған Назар 1917 жылы Өзбекстанның Жоғары Шыршық жағына аталастарымен бірге ілесе көшеді. Ол жақта ағайындарымен табысып, он жылдай еңбек етіп, әбден өсейіп-жетіліп, Қызылорда қаласына 1928 жылдың басында оралды.

Елге келген атамыз қара жұмыстың қазанында қайнап, қоғамдық өмірге де белсене араласты. Назар атамыздың еңбексүйіштігі, сауаттылығы, әр істі жүйелі ұйымдастыра білуі жергілікті биліктің назарын аудармай қоймады. Кейін ол Мәскеу қаласына 3 айлық орталық курсқа біліктілігін арттыруға жіберілді. Оқуын үздік төмамдаған атамызға Алматы қаласына ет өнімдерін дамыту бағытындағы аймақтық курсқа қайта оқуға жолдама берілді. Мәскеу мен Алматы оқу орындарында біліктілігін арттырып келген атпал азамат кейін партия жолдамасымен 1929-1930 жылдары Қызылорда облыстық ет дайындау конторасы директорының орынбасары болып жұмысқа кірісті. Ал 1930-1934 жылдары облыстағы №10 совхозы жұмысшылар комитетінің төрағасы қызметін абыроймен атқарды. Ұлы Отан соғысына дейін партия тапсырмасымен Шымкент қаласының нан өнімдері конторасында, кейін Тереңөзек ауданының сельпосында өмірінің соңына дейін асхана мен теміржол дүкенінің меңгерушісі болып абыройлы еңбек етті.

Назар Қосмамбетовтың Қызылорда қаласы мен сол тұстағы Тереңөзек ауданының өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі орасан. Сол жолдағы қажырлы еңбегі бүгінгі ұрпаққа үлгі етуге әбден лайық. Бөлім командирі, сержант Назар Қосмамбетов 1942 жылы Брянск майданы, 48-армия, 73-Новозыбка атқыштар дивизиясы, 471-атқыштар полкінің, 3-батальоны, 3-ротасының құрамында соғысып, 1944 жылы бір аяғынан айырылып, елге оралды.

Нақты деректерге сүйенсек, 73-атқыштар дивизиясының командирі, генерал-майор Д.Смирновтың ұсынысымен СССР ЖК Президиумының атынан алғаш Назар Қосмамбетов «Ерлігі үшін» медалі мен алғыс хатын ерекше жағдайда берілетін «Сталинский знак» тасбелгісін кеудесіне тақты. Сонымен қатар майдандағы ерлігі үшін I дәрежелі «УОС», «Қызыл Ту» ордендеріне және бірқатар марапатқа ие болды.

Назар атамыздың кенже баласы Мәлс ағамыз әкесінен екі жасында айырылған. Ол әкесін ес білгені анасының айтуымен және суреттерден көріп-біліп таныған. Бүгінде кенже ұлы ел қатарлы бауырларымен бірге өсіп, білім алып, ел-жұртына қажырлы еңбек етіп, саналы ұрпақ тәрбиелеп отыр. Назар атамыздан негізінен Нурсан, Гүлбахрам, Роза, Анаргүл, Сәрсенгүл және Сабыр мен Мәлс тарайды.

Әжеміз Сагира Омарқызы жолдасы Назар айтқан естеліктерді балаларына жеткізіп, жанталаста майдангердің қалай ажалдан аман қалғаны жайлы айтып, әкесі секілді балаларын да Отанға адал болуға баулиды.

Бұл оқиға Орел қаласы маңында болса керек, үлкен операцияның бірінде 471-полк шегініске ұшырайды. Блиндажда батальонның картасы мен туы қалып кетеді. Жау жақындап, жер мен әуеден оқ борап тұр. Сол уақытта есін жиган командир қазақ жауынгері Назар Қосмамбетов пен қырғыз жігітіне карта мен туды жылдам жеткізуді бұйырады.

Бұйрық талқыға түспейтінін түсінген қос сарбаз жаынын шуберекке түйіп, блиндажда бет алады. Сүмдік жағдай ту мен картаны қойындарына тығып, шыға берісте басталған. Оларды қырғидай құйындап келген неміс истрибителі атқылай бастайды. Сол жерде қырғыз жауынгері жараланды. Жаралыға жәрдем көрсетемін дегенше жаңағы жөңдет қайта оралып атқылағанда, Назар атамыз да аяғынан жараланды. Сонда да ол қасындағы серігіне көмектесуін тоқтатпады. Өкінішке орай қырғыз жігіт сол жерде үзіліп кетті.

Мұны зер сала тындаған кенже ұлы Мәлс әкесінің ерлігі жайлы естелікті әрі жалғауды өтінеді. Әкесінің ту мен картаны қойнына салып, аяғын буып алып, еңбектеп командиріне аманатын табыстау үшін жылжи бастағанын білген ұлының бойында үлкен жауапкершілік, Отанға деген адалдық қайта туалайды. «Көнеттен құлағыма дыбыстық белгіміз жетті. Сол сәтте мен де белгімді беріп, көмекке келген достарымымен табыстым, тапсырма ойдағыдай орындалды деп өкен күрсініп айтатын еді» дейді Сагира Әжеміз.

Сол тұста сұралып соғыстың зардабын тартпаған, от жалынына шарпылмаған қазақ отбасы жоқ та шығар. Қазақстан халқының 20 пайызы, яғни 1 миллион 200 мыңнан астам адам қанды соғысқа қатысты. Қаншама сарбаз ұрыс даласында шөйіт болды. Қаншама жаңға қиды қанға тамған топырағы бұйырмай, жат жерде бақилық болды. Тұтас бір ел үшін мұнан асқан қасірет жоқ та шығар, сірә. Ал біз олардың ерлігін ешқашан ұмытпаймыз. Керісінше Назар атамыз сияқты батыр бабаларымыздың ерлікке толы өмір жолын ескелең ұрпаққа үлгі етуге тиіспіз.

Бүгінде Қаа ұлдары Қосмамбет, Досмамбет, Есмамбет ұрпақтары кеңбайтақ еліміздің шығысы мен оңтүстігін мекендеп жатыр. Атап айтсақ, Сырдария мен Жалағаш аудан-дары, Шымкент қаласы мен Жетісай ауданы, Өзбекстанның Ташкент қаласы мен Жоғарғы Шыршық ауданы, Талдықорған, Алматы мен Астана қалаларында еңбек етіп, сол өңірлердің өркендеуіне үлес қосып, ұрпақ тәрбиелеп, өсіп-өніп жатқан жайы бар.

Назар Қосмамбетов сол кезеңнің барлық қиыншылығына төзе білді. Елді ауыр жағдайдан алып шықты десек, артық болмас. Ел басына қиын күн туғанда соғысқа аттанып, Кеңес жерін жаудан азат етті. Соғыстан кейінгі жылдары жаралымын деп жатып алмады. Керісінше елдегі тұралаған шаруаны ширатуда өзінің қолтаңбасын қалдырып, өнегелі өмірімен тек балаларына ғана емес, жалпы ескелең ұрпаққа үлгі болды. Сондықтан майдангердің ерлігі қашанда ұрпақ жадында жаңғыра береді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №764